

MATERIŁY
XVI MIĘDZYNARODOWEJ NAUKOWIPRAKTYCZNEJ KONFERENCJI

AKTUALNE PROBLEMY
NOWOCZESNYCH NAUK – 2020

07 - 15 czerwca 2020 roku

Volume 11

Przemyśl
Nauka i studia
2020

Бажикеев К.К.

магистр, аға оқытушы

Бөген Д.

4 курс студенті

Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан

ШАЛ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ – АЙТЫС АҚЫНЫ

Шал ақынның шығармашылық мұрасында өзінен бұрынғы халық поэзиясында бой көрсеткен бір тың үрдіс – айтыс өнері. Бұл саладағы дәстүр кейінгі ақындық қазынамызда кең тамыр жайып, айтқыштық сайыстардың тамаша інжу-маржандарын берсе, Шал ақынның алғашқы сөз қағыстарын сол ұлттық өнер саласының бастауы деп бағалауға толық негіз бар.

«Шал мен қыздың қағысы» айтыстарының ішіндегі ең бір молырағы,

сүбелісі десе болады. Бұл айтыстан ақындық шабыт анық танылады. Барлығы арық тоқтыдан шығады. Тәкаппар қыз әуелі тосын келген қонаққа онша сый көрсетпей, оны сөзге тартады. Осылайша айтыс басталады:

Біз алыстан келеміз тас артқандай,
Ауыр тартып келеміз бас артқандай.
Жасым кіші болса да құлақ кәрі,
Кәрілікке дауа бар ма, жасартқандай? –
Деп Шал сөз бастапты. Оған қыз:
Алыстан келемісің, тас артқандай,
Ауыр тартып келемісің бас артқандай.
Құлағың тыныш, төсегің қалың болса,

Одан артық дауа жоқ жасартқандай. – деп маңына жуытпай,
жалпыЛама жауап қатады. Шал енді қыздың қонақ асына сын таға,
табақтағы қаракесек арық етке қарап, ілік таға сөз сөйлейді:

Қысымын он екі айдың көргенбісің,
Не жауыр, не қотырдан өлгенбісің.

Байқасам ата малға ұқсамайсың,
Не кент, не азадан келгенбісің?
Қыз:
Болғанын еттің арық көдеден гөр,
Жемей-ақ өкпелесең өзіме бер.
Баласы Қүлекенің Шал да болсаң,
Ақы-пұлың шыққан жоқ қаужаңдай бер...
Ой шіркін, шал да болсаң, жүйрік шалсың,
Сіз лашын болғанда біз бір елік

деп, қыз талант алдына бас иеді, қонақасын жөндейді, ертесіне семіз тоқты сойдырып, дұрыс бата алады. Шал қызды мақтайды. Талабын мойындайды. Сөзбен қыздың сұлу портретін жасайды.

Өлеңге сен ешкімнен қалыспассың,
Менімен топқа түсіп жарыспассың.
Теректі құраған соң кесіп алатын,
Теңеліп кез болдым деп алыспассың.
Шырағым, сөз сөйледің әуел баста,
Бала жоқ өлең айтқан сендей жаста.

Қолға алып жалғыз мені бақ көтерме,
Өнерлі жігіт жоқ па менен басқа?

Бұл айтыстың тағы бір жаңалығы – жазба әдебиетке қарай бет бұрғандығы. Шал ақын Дегдар қыздың ақындық қабілетін анықтағаннан кейін, өзіне шәкірт етіп алғысы келген ағалық ниетін танытқандағы айтқан ақылы мынадай:

Білерсің сенде өленді ойлай білсең,
Әр үлгі көрсетер ем қасыма ерсең...
Ақын бол бөгелмейтін тіл мен жағың,
Жазудан тоқталмасын он саусағың.
Артылып алапатың абыройлы,

Күн сайын өсе берсін өнер бағың, - дейді ілтипат білдіріп [1, 87-89].
Осы шумақтың екінші жолы Шалдың мұсылманша болса да сауатты болған кісі-ау деген о бастағы ойымызды бекіте түседі.

Әлім жоқ сіздей ермен алысуға,
Сізбенен шамам келмес жарысуға.
Жаңбырдың іріткісіндей біз бір шалшық,

Шалшық қашан теңелген аққан суға, - деп қыз да бейнелі тілмен сөйлеп, Шал шабытын шырайландырады. Сөзге ілгек салатын адам болса әрі қарай ашып, тарқатып әкетер шамасы бар. Жөнді пікірге Шал да тоқтайды. Өктемсіп, ділмәрсіп кетпейді. Көкірегiнiң көзi бар көсем кiсi ғана тоқтайтын жерiн шамалайды. Сөз майданын ашпайды. Шалды кiдiрттiм деп, қыз да масаттанбайды. Басқаларына қарағанда мұнда тиянақты сюжет, мәнерлі мазмұн бар. Көркемдік қасиеті де құндылау. Кейінгі қазақ әдебиетіндегі ірі айтыстарға алып келетін соқпақтың төл басы осы сияқты көрінеді. Шал әсте әйел баласының бойынан ізеттілік, инабаттылық, сабырлы, сәнді мінез іздеп отырған кісі. Ол образды от басы ошақ қасына байлап қоймай, көп алдына әкеліп сынаатады.

Шалдан қалған айтыс үлгісінің бұдан бөлек әр түрлі жайларға байланысты кішігірім бір қақпай, екі қақпай түрлері де өздерінше тағылымды. Шал мен Күлімжан қыздың, Жігіт пен Шалдың, Шал мен кемпірінің қағыстары, сұрақ-жауап түріндегі тілдесу – осының бәрі оқыстан ой өрбітіп, сөзбен салғыласу арқылы күш сынасудың, тапқырлық машық танытудың үлгілері болған.

Шалдың айтыстарында шымшу, ащы әзіл, сатиралық мотив бар. Бірақ олар әлі де болса қоғамдық сарынға көтеріле қоймаған. Кемпір,

келіншек, қыз, жігіттердің айналасындағы бірқакпайлары ғана. Соларының өзі юморымен, шыншылдығымен шырайға күлкі жүгіртеді және алдын ала дайындықсыз табан астында айтып салғандары. Бұнда жеңу, жеңілу мақсат емес, ондыққа тиетін оқтай сөзбен отырғызып кету ғана. Егер бұлары болмаса да, Шалдың поэзиясындағы биігі төмендемес еді. Қоғамдық сырсипатты анықтау – оның басқа өлеңдерінің үлесіне тиді [2, 54].

Шал ақын айтыстарының бәрі де өмірдің шын көрінісін ашық айтып, адамның құмарын қандыра білетін озық ойлы, алмас кездіктей өткір тілді әзілге бай келеді. Өлеңдері де көтерем ұйқас емес, буыны берік төрткүл сомдалады. Ал қақтықпалы, соқтықпалы шағын қақпақылдар, камшы қағыстар өріс алған Шалдай жүйрік ақындар кемде кем.

Негізінде Шал ақын орта бойлының ерекше сындарлысы, аққұба жігіттің асқан сұлу сырбазы болса керек. Құдайым оған қоса үздік әнші, суырып салма-имровизатор ақын етті. Бұл сегіз қырлы, бір сырлылыққа қандай сұлу мас болмас. Ақынның сұлу десе шабыты ерекше төгіле кетер ғашықшылдығы да аз болмаған-ау. Оған дәлел Күлімжан қызбен айтысындағы:

«Таулардың мен көрмеген аңы бар ма,
Түлкінің мен көрмеген таңы бар ма?!» -
деген сөздері мен кемпіріне айтқан:

«Шал ақын Орта жүздің мен емес пе ем,
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем.

Мен саған жиырмада болдым жолдас,
Құрытқан бар қуатты сен емес пе ең» -

деп өкінішті әзілмен айтқаны ел аузында берік сақталды [3, 58].

«Шалдың ірі айтыстарға түскені жайында дерек болмаса да кішігірім айтыстарының өзі Шалдың қазақ поэзиясы үшін осы байырғы жанрда ұсталығын, тапқырлығын байқатады. Оның әсіресе, қыздармен сөз қақтығысы біздің заманымызға көбірек жетті. Жалпы ақын творчествосына тән жеңіл юмор, тапқыр сықақ, өтімді әзіл оның айтыстарының да негізгі ерекшелігі» [4, 9].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б.
- 2 Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.

3 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 431 б.

4 Дербісалин Ә. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 320 б